

Ұрпақ тәрбиесі - ұлт мұраты



4-БЕТ

«Емделушілер алғысынан артық марапат жоқ»



10-БЕТ

Туризмге салынған инвестиция өзін-өзі ақтамайды



13-БЕТ



• ДЕМОГРАФИЯ

Ермек МИЗАМБАЕВ, Жетісу облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысы:

## «ОБЛЫСҚА КЕЛГЕН ҚАНДАСТАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ ЖОҒАРЫ»

– Ермек Арыханұлы, қандас мәртебесін беру немесе ұзарту бойынша биыл Жетісуда қанша адамға мемлекеттік қызмет көрсетілді?

– Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту қызметі ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы «Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына және Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар көрсетілді. Жоғарыда айтылғандардың негізінде «Қандас мәртебесін беру» бойынша мемлекеттік қызмет қазіргі уақытта «Құтты мекен» АЖ-дағы мобильдік қосымшасы немесе Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесі арқылы беріледі. Оңайлатылған тәртіппен Қазақстан азаматтығын алу мақсатында қандас мәртебесін ұзарту «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы арқылы жүзеге асырылады.

1991–2023 жылдар аралығында облысқа барлығы 56 709 этникалық казак (19 195 отбасы) келіп, «қандас» мәртебесін алды. 2023 жылы «қандас» мәртебесін беру немесе ұзарту бойынша мемлекеттік қызмет 652 этникалық казакқа (367 отбасы) көрсетілді және (553 этникалық казакқа (292 отбасы) «қандас» мәртебесі берілді, 99 этникалық казакқа (75 отбасы) қандас мәртебесі ұзартылды.

«Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» Ұлттық жобасы аясында 2024 жылға арналған жоспарға сәйкес, Жетісу облысына қоныс аударатын қандастар саны 618 адамды құрайды. Бүгінгі күнге 549 этникалық казакқа (228 отбасы) «қандас» мәртебесін беру немесе ұзарту бойынша мемлекеттік қызмет көрсетілді, бұл бағдарламалық жобаның 88,8 пайызын құрайды. Олардың ішінде: Қытайдан (95,6%) 525 адам (215 отбасы), Моңғолиядан (0,4%) 2 адам (1 отбасы); Өзбекстаннан (3,1%) 17 адам (10 отбасы), Ресейден (0,7%) 4 адам (1 отбасы), Түркиядан (0,2%) 1 адам (1 отбасы) бар.

(Соңы 3-бетте)

(Соңы 5-бетте)

# ЗАН газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

✉ zangazet@mail.ru

№40 (3669)  
31 мамыр 2024



• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## САЯСИ РЕПРЕССИЯ: ҰЛТТЫ КӨШБАСШЫСЫЗ ҚАЛДЫРУДЫҢ АМАЛЫ



Қазақ тарихына қара таңба болып басылған репрессиялық кезеңнің қасіретін ешбір тарихи оқиғамен салыстыру мүмкін емес. Себебі, соғыс ел мен ел арасында жаппай сипат алса, репрессияның сұмдығы сол, мұнда белгілі бір ұлт өкілдеріне, оның ішінде, сол ұлттың қаймағы саналған зиялыларына, бетке ұстар оқығандарына шабуыл жасалды. Осы бір соғыссыз, бейбіт уақытта жүргізілген зымиян саясат аса аяусыздықпен іске асты.

(Соңы 3-бетте)

• 1 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

## БАЛАЛАРДЫҢ ҚАБАҒЫН МҰҢ ШАЛМАСЫН!

Бала – біздің бақытымыз, еліміздің келешегі. Қазақстан Республикасының заңдарында ана мен баланың құқығын қорғауға, жайлы өмір сүруіне барлық жағдай жасалған. Соның ішінде балалардың толық отбасында тәрбие алып, ешбір әлімжеттік көрмеуі, қатарластарымен бірдей білім алуы, ізденуіне, дамуына ешқандай кедергінің көлденең тұрмауы маңызды.

Өкінішке қарай, барлық бала отбасы жылуын сезініп, қамсыз күн кешіп жатыр деп айта алмаймыз. Өмірге келмей жатып қоқысқа тасталған, перзентханада анасы саналы түрде бас тартқан нәрестелердің көбеюі отбасылық құндылықтың азайып, жанұялық жауаптылықтың жыл өткен сайын құлдырап бара жатқанын аңғартады. Мұндай жағдайдың қалыптасуына еліміздегі ажырасушылар санының өсуі де өз салқынын тигізбей қойған жоқ.

Ажырасу – ерлі-зайыптылардың таңдауы. Бірақ, үлкендердің қателігінен ең көп зардап

шегетін, ең ауыр соққы алатын, әрине, балалар. Өйткені, балаға әке де, ана да керек. Оларға анасы қандай қымбат болса, әкесі де сондай қадірлі. Алайда, ерегіскен ерлі-зайыптылардың ойсыз әрекетінен балалар жақын адамынан алыстап қоймай, қаржылық қиындықпен де бетпе-бет келеді. Айталық 2023 жылғы статистикалық мәлімет бойынша еліміздің алимент бойынша берешегі 20 млрд теңгеден асқан. Осы 20 млрд теңгенің артында қаншама баланың тағдыры, аянышты өмірі тұр. Әлбетте, алимент әке болмайды.

(Соңы 6-бетте)



